

Тереңкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы "2019 жылға арналған Тереңкөл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы" № 2/40 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 2/48 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 тамызда № 6509 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроенеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Занының 18-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" № 183 қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы" № 72 бұйрығына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тереңкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы "2019 жылға арналған Тереңкөл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы" № 2/40 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6228 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 қантарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

- 2-тармақтағы "жетпіс еселік" деген сөзі "жұз еселік" деген сөзben ауыстырылсын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңкөл аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала мен заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

Р. Габидулин

С. Баяндинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК